

Аймақтық саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 581 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 1239 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1239 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 1598 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасын және "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы" Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Аймақтық саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Аймақтық саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 м а м ы р д а ғ ы

N 5 8 1 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Аймақтық саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Шөкеев

- Қазақстан Республикасы

Өмірзақ Естайұлы

Премьер-Министрінің орынбасары,

төраға

Сұлтанов

- Қазақстан Республикасының

Бақыт Тұрлыханұлы

Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрі, төрағаның
орынбасары
Әбілбекова - Қазақстан Республикасының
Айгүл Әбілқадырқызы Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі Аймақтық
саясат және бюджетаралық қатынастар
департаментінің директоры, хатшы

Комиссия мүшелері:

Нұриманов - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Мақсат Әнуарбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Марат Әпсәметұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі Аймақтық саясат және
бюджетаралық қатынастар
департаментінің директоры, хатшы

Тұңғышбеков - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Санат Тұңғышбекұлы министрлігі Ауылдық аумақтар істері
комитетінің төрағасы

Котенко - Қазақстан Республикасы
Наталья Леонидовна Премьер-Министрінің Кеңесі
Әлеуметтік-экономика бөлімінің
меңгерушісі

Райымбеков - Қазақстан Республикасы
Сайлаухан Ғазизұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс
және аумақтық даму бөлімінің
меңгерушісі

Бірәлиев - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Әлжан Хамидоллаұлы ортаны қорғау вице-министрі
Белоног - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Анатолий Александрович министрлігі Мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің төрағасы, Қазақстан
Республикасының Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері

Бабақұмаров	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ержан Жалбақұлы	және ақпарат вице-министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Көлік
Әбілғазы Қалиақпарұлы	және коммуникация вице-министрі
Әбдіхалықова	- Қазақстан Республикасының Еңбек
Гүлшара Наушақызы	және халықты әлеуметтік қорғау
	вице-министрі
Ерғожин	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Дәулет Еділұлы	вице-министрі
Күрішбаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Ақылбек Қажығұлұлы	шаруашылығы вице-министрі
Баймұхамбетова	- Қазақстан Республикасы
Кәмила Мақсұтқызы	Премьер-Министрінің кеңесшісі
Бекетаев	- Қазақстан Республикасының
Марат Бақытжанұлы	Әділет вице-министрі
Бишімбаев	- Қазақстан Республикасының
Қуандық Уәлиханұлы	Индустрия және сауда
	вице-министрі
Мусин	- Қазақстан Республикасының
Қобыланды Нұрғалиұлы	Туризм және спорт вице-министрі
Тұрғанов	- Қазақстан Республикасының
Дүйсенбай Нұрбайұлы	Энергетика және минералдық
	ресурстар вице-министрі
Шамшидинова	- Қазақстан Республикасының
Күләш Ноғатайқызы	Білім және ғылым вице-министрі
Шоқаманов	- Қазақстан Республикасының
Юрий Қамарұлы	Статистика агенттігі
	төрағасының орынбасары
Ябров	- Қазақстан Республикасының
Владимир Викторович	Президенті Әкімшілігінің
	Әлеуметтік-экономикалық талдау
	бөлімінің бас инспекторы
	(келісім бойынша)

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.14.11. N 1209 қаулысымен , өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.10.17. N 1061 қаулысымен , 2004.02.03. N 129 қаулысымен , 2005.02.22. N 156 қаулысымен , 2006.07.13. N 668 қаулысымен , 2007.03.27. N 233 , 2007.10.15. N 948 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 28 мамырдағы
N 581 қаулысымен
бекітілген

**Аймақтық саясат мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1. Аймақтық саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 1598 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында құрылды.

2. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңдарын, басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) аймақтар арасында әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде орын алған айырмашылықтарды төмендетуге бағытталған мемлекеттік аймақтық саясатты "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы" Президенттің Қазақстан халқына K022003_ Жолдауының ережелерін есепке ала отырып, жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

2) проблемалық аймақтарды мемлекеттік қолдау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

5. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Комиссияның функциялары:

- 1) мемлекеттік аймақтық саясатты одан әрі жетілдіру;
- 2) әкімшілік-аумақтық бірліктерді, оның ішінде шағын қалалар мен ауылдық аудандарды тоқырауға ұшырағандар қатарына жатқызу өлшемдерінің құрамы;
- 3) мемлекеттік қолдау көрсету үшін нақты әкімшілік-аумақтық бірліктерді, оның ішінде тоқырауға ұшыраған қалалар мен ауылдық аудандарды іріктеу;
- 4) экономикасы тоқырауға ұшыраған аймақтарға мемлекеттік қолдау көрсету;

5) проблемалық аймақтарды қолдау саласында орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарды іс-қимылдарын үйлестірудің ұсыныстарын дайындау болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

6. Комиссия өз міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

2) проблемалық аймақтардағы ахуалды талдау және зерделеу үшін мемлекеттік органдарды және мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандарын қажеттілігіне қарай тартуға;

3) Комиссия мәжілістерінде Комиссияның құзырына беретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдарының өкілдерін тыңдауға құқығы бар.

4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

7. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, оның мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және оны қызметіне жауапты болады. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары атқарады.

8. Комиссия хатшысы Комиссия мәжілісінің күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және мәжілістен кейін хаттама ресімдеуді жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

10. Комиссия мәжілістері оның мүшелерінің ең кемі үштен екісі болған жағдайда, қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

11. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерімен келісім бойынша мәжілістердің күн тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу уақыты мен орнын айқындайды және нақтылайды.

12. Комиссия шешімдері ашық дауыспен қабылданады және оларға комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

13. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

1 4 . М ы н а л а р :

1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;

2) Комиссияға бұрын жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік

органдарды немесе өзге де комиссияны құру;

3) Комиссияның міндеттері орындалмайтын не олардың орындалуын орынсыз ететін өзге жағдайлар Комиссия қызметін тоқтатудың негіздері бола алады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 м а м ы р д а ғ ы

N 5 8 1 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күшін жойған кейбір шешімдерінің**

ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орташа қалалардың проблемалары жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 шілдедегі N 841 қаулысы .

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 шілдедегі N 841 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 тамыздағы N 970 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 шілдедегі N 841 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 242 қаулысы .

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 шілдедегі N 841 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 1380 қаулысы .